



Еуропалық Одақтың Қазақстан
Республикасындағы Өкілдігі



Адам құқықтары мен заңдылықты
сақтау жөніндегі қазақстандық
Халықаралық бюросы



Құқықтық саясатты
зерттеу орталығы



MediaNet халықаралық журналистика
орталығы

2009-2012 жылдарға арналған адам құқықтары саласындағы Ұлттық іс-қимыл жоспарының ұсыныстарының орындалуына ШОЛУ

Осы шолу 2009-2012 жылдарға арналған Қазақстан Республикасындағы адам құқықтары саласындағы Ұлттық іс-қимыл жоспарының ұсыныстарының орындалуына баға беруді көздейді. Шолу Еуропалық Одақтың қаржылық қолдауымен іске асырылатын Адам құқықтары мен заңдылықты сақтау жөніндегі Қазақстан Халықаралық бюросы (АҚЗСҚХБ), MediaNet Халықаралық журналистика орталығы және LPRC Құқықтық саясатты зерттеу орталығының «Қазақстан Республикасының 2009-2012жж. арналған адам құқықтары саласындағы ұлттық іс-қимыл жоспарын орындау мониторингі» әріптестік жобасының аясында сарапшылармен орындалған талдау негізінде Қазақстан Республикасындағы адам құқықтары саласындағы Ұлттық жоспардың (бұдан әрі қысқаша – Ұлттық жоспар) 11-бөлімі бойынша құрастырылған. Бұл шолудың негізгі міндеті Ұлттық жоспардың қарастырылып отырған бөлімдеріндегі ұсыныстардың орындалу дәрежесін анықтау болып табылады.

Бағалауды бір стандартқа келтіру үшін, Ұлттық жоспар ұсыныстарының іске асырылуына келесідей баға беру қабылданды:

- **«ұсыныс орындалды»** бағасы Ұлттық жоспардың нақты тармағы бойынша негізгі жоспарланған шарттардың орындалуын меңзейді;
- **«ұсыныс ішнара орындалды»** Ұлттық жоспардың тармағын іске асыру жөніндегі жұмыстың басталып, әлі аяқталмағандығын көрсетеді;
- **«ұсыныс орындалмады»** бұл тармақ бойынша жұмыстардың мүлдем жүргізілмегендігін, немесе жағдайдың өзгеруіне ықпал етпеген қандай да бір «ресми» іс-шаралардың орындалғандығын білдіреді;
- **«ақпарат жоқ»** қандай да бір ұсыныстың іске асырылу дәрежесін анықтау мүмкіндігі болмаған жағдайларда қолданылады.

«Өмір сүру құқығы» бөлімі

Ұлттық жоспардың бұл бөлімі тек екі ұсыныстан тұрады:

1. *Қазақстан Республикасында адамның және азаматтың құқықтарын қорғаудың ұлттық тетіктерін жетілдіру мақсатында адам құқықтарын қорғаудың халықаралық тетіктерін күшейту және өлім жазасын толық жою үшін 1989 жылғы 15 желтоқсандағы Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактінің өлім жазасын жоюға бағытталған екінші Факультативтік хаттамасын (БҰҰ Бас Ассамблеясының 1989 жылғы 15 желтоқсандағы 44/128 қарары) ратификациялау.*

Ұсыныс орындалмады.

2. *Өлім жазасын жою мәселесі жөніндегі «дөңгелек үстелдер», семинарлар, конференциялар өткізу.*

Ұсыныс орындалды.

Бұл бөлім сандық жағынан жартылай орындалған болса, мазмұндық жағынан бұл ештеңені өзгертпейді – адам құқықтарын қорғаудың халықаралық механизмдері Қазақстанда жұмыс істемейді. АСҚХП екінші Факультативтік хаттамасын ратификациялаусыз кез келген дөңгелек

үстелдер мен конференциялар, олардың саны қаншалықты көп болмасын, Ұлттық жоспардың осы бөлімінің іске асырылғандығы туралы айтуға негіз бола алмайды.

«Еркін жүріп-тұру және тұрғылықты мекенді таңдау құқығы» бөлімі

(Шолуда 2009-2010 жж. іске асыруға ұсынылған 8 тармақтың (1, 2, 5, 6, 7, 8, 9, 10) орындалуына талдау жасалған.

1. *Ел ішінде жүріп-тұру бостандығын реттейтін заңнамалық актілер мен ведомстволық нұсқаулықтар арасындағы қайшылықтарды жою.*

Бұларға ҚР ӘҚБтК 76 бабының 1 тармағының, «ҚР бала құқықтары туралы» Заңының 11 және 30 баптарының ҚР Конституциясының 16 және 21 баптарымен қайшылығы жатады. Дәл осындай сәйкессіздік «Қазақстан Республикасы ішкі істер органдары туралы» Заңының 11 бабының және «Қазақстан Республикасындағы бала құқықтары туралы» Заңының 30 бабының нормаларында да бар, оларға сәйкес бұл нормаларға сәйкес балалар Оңалту және бейімдеу орталықтарына олардың келісімінсіз және сот шешімінсіз орналастырылуы мүмкін.

2010 жылы 23 қарашада ҚР Парламенті Баланың құқықтарын қорғауды қамтамасыз ету мәселелері бойынша ҚР кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы № 354-IV Заңды қабылдады. Жағымды жері мынада: Заңға сәйкес, кәмелетке толмағандарды арнаулы білім беру ұйымдарына немесе ерекше режимде ұстайтын ұйымдарға жіберу туралы шешімдерді сот қабылдайды. Алайда, Заң ҚР ӘҚБтК 76 бабының 1 тармағы, ҚР ішкі істер органдары туралы Заңының 11 және 30 баптары мен ҚР баланың құқықтары туралы Заңының ҚР Конституциясының 16 және 21 баптарының арасындағы қарама-қайшылықтарды жойған жоқ. Сәйкесінше, бұрынғыдай, кәмелетке толмағанның бос уақытын шектеу және жүріс-тұрысына ерекше талаптар қоюды кәмелетке толмағанның әкімшілік құқық бұзушылық жасауы туралы істі қарастыратын кез келген органмен тағайындала алады. Сондай-ақ, бұрынғысынша, кәмелетке толмаған балалар Оңалту және бейімдеу орталықтарына олардың келісімінсіз және сот шешімінсіз орналастырыла алады.

Тағы бір жағдай – ҚР ӘҚБтК 618 бабының 5 тармағының осы кодекстің өзге нормаларына, атап айтқанда шетелдіктердің төлқұжаттарын алып қоюға қатысты. Бұл жерде Әкімшілік іс жүргізу кодексін әзірлеу жөнінде жоспарланған жұмысқа қарамастан, аталған қайшылықтардың жойылғандығы туралы айтуға әлі ертерек.

Ұсыныс орындалмады.

2. *Қазақстан Республикасы азаматтарының (мемлекеттік құпияны алып жүрушілер, ешқайда кетпеу туралы қол қою шарасы таңдалған адамдар және т.б.) шетелде тұрғылықты тұру мақсатында елден шығуын бақылаудың және жолын кесудің тетіктерін мен процедураларын әзірлеу.*

2011 жылдың 6 маусым айында Халықтың көші-қоны туралы Заң күшіне енді, оның 11 бөлімі тұрғылықты тұру мақсатында ел аумағынан шығуға рұқсатнама беру процедурасын анықтайды. Заң ЕҚЫҰ ДИАҚБ «заң жобасынан елден шығу рұқсатнамаларына қатысты барлық ережелерді алып тастап, бұл өкілеттіліктерді сот қарауына тапсыру» туралы берген ұсынысына қарамастан қабылданды. Және де, азаматтардың үшінші елдерде тұрғылықты тұру мақсатымен елден шығуына рұқсат беру процедурасы ешбір концептуалдық өзгертулердің енгізілуінсіз қалғандығын ескере отырып, бұл ұсыныстың **орындалмағандығын** айтуға толық негіз бар.

5. *«Босқындар туралы» ҚР Заңын қабылдауды жеделдету.*

2010 жылдың 1 қаңтарынан бастап Қазақстанда «Босқындар туралы» N 216-IV Заң өз күшіне енді. Алайда, бірқатар жетекші халықаралық құқық қорғау ұйымдары (FIDH, Human Rights Watch, «Мемориал» құқық қорғау орталығы) қабылданған заңды босқындардың халықаралық құқықтарының нормаларына қайшы келетін заң ретінде бағалады.

Ұсыныс орындалды.

6. *Баспана іздеп жүрген адамдармен және көшіп-қонушылармен оларды сот шешімінсіз шығарып жіберу немесе экстрадициялауға жол бермейтін қарым-қатынас жасау процедурасын әзірлеу.*

ҚР ӘҚБтК сәйкес, шетелдіктерді елден шығарып жіберу туралы қаулыларды сот қабылдайтындығына қарамастан, бұл **ұсыныс орындалмады**.

Мәселен, Қазақстанның қолданыстағы қазақстандық заңнамасында ҚР ӘҚБтК қатар, шетелдіктерді ҚР аумағынан шығарып жіберу туралы өзге лауазымды тұлғалардың шешім қабылдау құқығын реттейтін бірқатар нормативтік-құқықтық актілер бар. Мысалы, шетел азаматтарының Қазақстан Республикасы келуі мен жүріп-тұруы және шығуы, сондай-ақ, шетел азаматтарының Қазақстан Республикасының аумағына заңсыз көшіп-қонуын алдын алу мен жол бермеу жөніндегі ішкі істер органдарының жедел-қызметін ұйымдастыру туралы Ережені қолдану жөніндегі Нұсқаулық.

ҚР ҚДЖК сәйкес, шетел мемлекетінің азаматын ұстап беру туралы қаулыны ҚР Бас прокуроры мен уәкілетті прокурор қабылдайды. Ал босқындар туралы Заң бойынша (7 бап) пана іздеуші тұлғаны мәжбүрлі түрде елден шығарып жіберу туралы шешімді уәкілетті орган қабылдайды, бүгінгі таңда мұндай орган – ҚР ПМ Көші-қон полициясының комитеті болып отыр.

7. Шекаралық және көші-қондық бақылаудың қазіргі заманғы ұлттық жүйесін және шетел азаматтарын, азаматтығы жоқ адамдарды, баспана іздеп жүрген немесе Қазақстан Республикасы шекара қызметінің бақылау-өткізу пункттерінде белгілі бір құқықтық мәртебесі жоқ адамдарды уақытша ұстау пункттері желісін жасау және енгізу.

Шетел азаматтары, азаматтығы жоқ адамдар, баспана іздеп жүрген белгілі бір құқықтық мәртебесі жоқ адамдардың шекаралық және көші-қондық бақылаудан өтулеріне қатысты жағдайдың өзгеруіне қарай шекарада қандай әрекеттердің жасалып жатқандығы туралы қолда бар ақпарат Ұлттық жоспардың осы тармағының орындалғандығы туралы айтуға мүмкіндік бермейді.

ҚР ҰҚК берген жауабы Комитеттің өткізу пункттерін компьютерлендіру және шекараларды бақылау процесінде заманауи құрылғыларды қолдануды көздейтін тиімді әрекет ететін жүйені құруға бағытталған белсенді жұмысты жүргізіп жатқандығын көрсетеді, ал бұл өз кезегінде шекаралық бақылау сапасын арттырмақ. Бұл жұмыстың мақсаты жолаушылар мен жүк ағымдарын оңтайландыру және сыртқыэкономикалық қызметтің барлық қатысушылары үшін жағымды жағдай жасау болып табылады. Осы ретте, шекараны кесіп өтуші тұлғалардың құқықтарын халықаралық стандарттарға сәйкес сақтау міндеттері туралы еш айтылмайды, ал шетел азаматтарын, азаматтығы жоқ адамдарды, баспана іздеп жүрген немесе Қазақстан Республикасы шекара қызметінің бақылау-өткізу пункттерінде белгілі бір құқықтық мәртебесі жоқ адамдарды уақытша ұстау пункттері желісін құру жөніндегі нақты іс-шаралар туралы тіпті сөз де қозғалған жоқ.

Ұсыныс орындалмады.

8. Шетел азаматтарын, азаматтығы жоқ адамдарды Қазақстан Республикасының аумағына кіру және жүріп-тұру ережелері, еліміздің көші-қон заңнамасы туралы тиімді хабардар етудің ашық және қолжетімді жүйесін жасау.

Маманданған ұйымдар Ұлттық жоспардың осы тармағының орындалуы туралы ақпарат ұсына алмады, бұл **аталмыш ұсыныстың орындалмағандығы** туралы түйіндеуге мүмкіндік береді.

9. Қазақстан Республикасының азаматтарын жыныстық, еңбек немесе басқа да қанау мақсатында заңсыз алып шығатын елдермен қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек және адамдарды ұстап беру туралы халықаралық келісім-шарттар жасасу.

Үкіметтің өзге елдермен сәйкес келісімдер жасасу шеңберінде жүргізіп жатқан жұмысы **ұсыныстың ішнара орындалғандығын** аңғартады.

10. 2010 жылы «Қазақстан Республикасы азаматының жеке басын куәландыратын құжаттар туралы» Заңды әзірлеп, қабылдау.

Шолуды дайындау сәтінде **ұсыныс орындалмады**. Алайда, ПМ «Жеке басты куәландыру құжаттары туралы» және «Жеке басты куәландыру мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобаларын әзірлеп қойғандығы туралы ақпарат бар. Заң жобалар Үкіметтің қарауында жатыр, Парламенттің қарауына ұсыну мерзімі жылдың соңына жоспарланған.

Осылайша, осы бөлім бойынша 8-ұсыныстың ішінде бір ғана ұсыныс (Босқындар туралы Заң) толық орындалған, алайда, бұл қабылданған заң адам құқықтары саласындағы халықаралық-құқықтық стандарттарға сәйкес келмеуіне орай өзгертуді қажет етеді. Тағы бір ұсыныс орындалу үдерісінде (Құқықтық көмек туралы халықаралық шарттар...). Қалған ұсыныстар орындалмаған. Бұл ретте, Ұлттық жоспардың осы бөлімінің орындалуы туралы айту мүмкін емес.

«Бірлесу құқығы» бөлімі

Ұлттық жоспардың бұл бөлімінің орындалуына қатысты айтар болсақ, қызмет бағытының көрсетілуімен іске асырылуы тиіс нақты іс-шаралардың мүлдем жоқтығын атап өткен жөн болар. Бұл жағынан қарағанда, жоспар орындау жолдары, түрлері мен әдістерінің көрсетілуінсіз жай ғана, еш мәнсіз сөйлемдер жиынтығына ұқсайды.

Ұлттық жоспардағы ұсыныстар тізбесінен, әзірше, заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу процедураларына қатысты бөлігінің іске асырылу мүмкіндігі туралы ғана айтуға болады. Алайда, бұл да ықтималдылық деңгейінде. Іс жүзінде бұл бөлімнің барлық тармақтары орындалмады.

1. *Азаматтардың қоғамдық бірлестіктерін тіркеу тәртібін заңнамалық түрде жеңілдету.*

Ұсыныс орындалмады.

2. *Заңнамада әрбір адамның бірлестіктер, одақтар, ассоциациялар, соның ішінде бейресми сипатта құру мен мүшелікке тұру құқығы нақты бекітілуі тиіс. Бұл үшін, «Азаматтардың бірлесу құқығы туралы» жеке Заң қабылдау қажет.*

Қолданыстағы заңнамаға сәйкес, азаматтардың бірлестіктеріне заңмен орнатылған тәртіптегі тіркеусіз әрекет етулеріне жол берілмейді.

Осыған орай, ұлттық заңнаманы адам құқықтары мен бостандықтары жөніндегі халықаралық стандарттармен сәйкестендіру үшін, Ұлттық жоспарда азаматтардың бірлестіктер, одақтар, ассоциациялар, соның ішінде бейресми сипаттағы, құру немесе мүшелікке тұру құқықтарын заңнамалық түрде бекіту көзделді.

Бұл үшін, азаматтардың бірлесу құқығы туралы жеке заң қабылдау қажет, немесе заңмен көзделген субъектілер азаматтардың кез келген үлгіде, ресми және бейресми ұйымдарға бірлесу құқықтарына қатысты ҚР Конституциясының 23 бабының 1 тармағына түсініктеме беру өтінішімен Конституциялық кеңеске жүгіну қажет.

Ұсыныс орындалмады.

3. *Заңнама мен тәжірибеде коммерциялық емес ұйымдарды тіркеу тәртібінің жеңілдетілуін қамтамасыз ету.*

Ұсыныс орындалмады.

4. *Заңды тұлға мәртебесін иеленуді жеңілдету және азаматтық қоғамның дамуына ықпалдасу мақсатында коммерциялық емес ұйымдар үшін тіркеу алымының көлемін қысқарту.*

Ұсыныс орындалмады.

5. *Салық кодексіне ҮЕҰ жарылық мақсаттар аясында іске асырылатын кәсіпкерлік қызмет үшін салық төлеуден босату немесе дамыған елдердің тәжірибесін қолданып, ҮЕҰ осындай қызметті іске асыруы кезінде салық жеңілдіктерінің өзге механизмдерін пайдалану.*

Ұсыныс орындалмады.

6. *Салық кодексіне табысының бір бөлігін қазақстандық ҮЕҰ қолдау үшін бөлетін коммерциялық ұйымдар мен жеке кәсіпкерлер үшін салық жеңілдіктерін енгізу туралы норма енгізу.*

Ұсыныс орындалмады.

7. *Коммерциялық емес ұйымдар туралы заңнамада, беймүшелік ҮЕҰ, кем дегенде, тағы бір ұйымдастырушылық-құқықтық түрін, мысалы, «қоғамдық ұйым» атауымен бекіту, бұл саны оннан кем азаматтарға беймүшелік, сонымен қатар қор немесе мекеме ұйымдастырушылық-құқықтық түрінде емесе ҮЕҰ құруға мүмкіндік береді.*

Ұсыныс орындалмады.

8. 2011 жылы «Кәсіби одақтар» туралы ҚР жаңа Заңын құрастыру және қабылдау.
Ұсыныс орындалмады.

9. Саяси партияларды тіркеу, қайта тіркеу және тарату рәсімдерін заңнамалық түрде жеңілдету.

Ұлттық жоспарда саяси партияларды тіркеу, қайта тіркеу және тарату рәсімдерін заңнамалық түрде жеңілдету жөніндегі ұсыныс жасалған. Қазақстанның саяси партиялар туралы қолданыстағы заңнамасында саяси партияларды құру, қайта құру мен олардың қызметіне қатысты шектен тыс, еш негізсіз және халықаралық стандарттарға сәйкес келмейтін талаптар көзделген.

2009 жылы, Қазақстанның ЕҚЫҰ төрағалық ету қарсаңында, саяси партиялар туралы заңнамаға партияларды құру мен олардың қызмет ету жағдайларына айтарлықтай әсер етпеген өзгертулер енгізілсе, олардың кейбіреулері партияларды тіркеу рәсімін одан бетер ауырлатып жіберді.

Жалпы алғанда, **ұсыныс орындалмады.**

«Ойлау, ар-ождан және дін бостандығы құқығы» бөлімі

1. Ойлау, ар-ождан және дін бостандығын реттеудің шетелдік тәжірибесін зерделеу.

Шетелдік тәжірибені зерделеу өздігінен ештеңені білдірмейді, алайда, мәселеге деген көзқарастың өзі, «бостандықты қамтамасыз ету» сияқты жалпықабылданған терминнің орнына жоспарда «бостандықты реттеу» терминінің болуы Қазақстан мен қалған өркениетті әлемдегі билік пен діннің арасындағы әрекеттестіктің қандай болу тиістігіндегі қағидалық түрдегі айырмашылықтардың көрсетіп отыр. Қазақстандағы ар-ождан мен дін бостандығына қатысты жағдайдың жалпы мәтінмені билік пен діндарлардың арасындағы қарым-қатынастың осы еркіндікті қамтамасыз ету емес, оны реттеу аясында құрылатындығын дәлелдейді.

Ұсыныстың орындалуына қатысты **ақпарат жоқ.**

2. Қазақстан Республикасында діни сенім бостандығы құқығын сақтау жөнінде мониторинг жүргізу.

Діни сенім бостандығы құқығының сақталуына қатысты жағдай мониторингі бойынша мемлекеттік органдардың ашық есептерінің болмауы Ұлттық жоспардың осы ұсынысының орындалуын құжаттамалық түрде растауға мүмкіндік бермейді.

Ақпарат жоқ.

3. ҚР-да діни сенім бостандығының сақталуы мәселелері бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Діни бірлестіктермен байланыс жөніндегі кеңестің отырысын өткізу.

Отырыс өткізілді, бірақ айта кететін жайт, отырысқа діни құқықтарды қорғауға маманданған тәуелсіз сарапшылар, ҮЕҰ және діни азшылықтардың өкілдері қатыспады.

Ұсыныс орындалды.

4. Өңірлердегі діни сенім бостандығы құқықтарының сақталуы мәселелері бойынша облыстар, Астана және Алматы қалалары әкімдіктерінің жанындағы Діни бірлестіктермен байланыс жөніндегі кеңестердің отырыстарын өткізу.

Мұндай отырыстар тұрақты түрде өткізіліп тұрды. Сонымен қатар, тек 2010 жылдың өзінде Діни істер жөніндегі Комитетпен үйлестірілетін «ұйымдастырушылық-үгіттеу» топтары Ақтау, Алматы, Астана, Көкшетау, Орал қалаларында және Батыс Қазақстан, Павлодар облыстарының елді мекендерінде дөңгелек үстелдер, ғылыми-тәжірибелік конференциялар, оқы орындарында интерактивті сабақтар мен дәрістер және басқа да іс-шараларды өткізген болатын.

Алайда, аталмыш шараларды азаматтардың діни сенім бостандығы құқықтарын іске асыруларына жәрдемдесу бағытында қарастыру қиын. Оларды тақырыптары: «Тоталитарлық секталар мен экстремистік ұйымдарға қарсы тұру», «Тоталитарлық және деструктивтік секталармен күресу жолдары мен әдістері», «Адамды рухани-өнегелі тәрбиелеудегі дәстүрлі діндердің рөлі мен мәні» және басқалары мұның Қазақстандағы дәстүрлі емес діни ұйымдарға қарсы ашықтан-ашық насихат жұмысы болғандығын дәлелдеп отыр. Демек, іс жүзінде бұл тармақтың орындалуы жария және бейбіт діни азшылықтарға қатысты төзбеушілікті ресми мемлекеттік үгіттеуге айналып кетті.

Ұсыныс орындалды.

5. Қазақстан Республикасындағы діни сенім бостандығы құқығының сақталуы жөніндегі ұлттық есепті басып шығару.

Ұсыныс орындалмады.

6. Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Адам құқықтары жөніндегі комиссияның Сараптамалық кеңесінің ойлау, ар-ождан және дін бостандығын қамтамасыз ету саласындағы заңнаманы өзгерту жөніндегі үкіметтік емес ұйымдар әзірлеген ұсыныстарды қарап бекіту.

Ұсыныс орындалмады.

7. Үкіметтік емес ұйымдар әзірлеп, Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Адам құқықтары жөніндегі комиссияның Сараптамалық кеңесі мақұлдаған ұсымындардың негізінде ойлау-ар-ождан және дін бостандығын қамтамасыз ету саласындағы заңнамалық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Заң жобасын әзірлеу.

Ұсыныс орындалмады.

8. Ойлау, ар-ождан және дін бостандығын қамтамасыз ету жөніндегі заңнамалық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Заң жобасын Қазақстан Республикасының Парламентіне енгізу.

Ұсыныс орындалмады.

9. Дінге сенетіндерге өздерінің азаматтық борыштарын өз діни сезімдеріне нұқсан келтірмей орындауға мүмкіндік беретін Балама әскери қызмет туралы Тұжырымдама әзірлеу.

Ұсыныс орындалмады.

Осылайша, ар-ождан және дін бостандығы бөлімінде Ұлттық жоспардың орындалу барысы жоспарда жағдайды талдаудың негізгі шарттарының көрсетілмегендігін былай қойып, іске асырылуы ар-ождан және діни сенім бостандығына қатысты жағдайдың жақсаруына айтарлықтай ықпал ете алатын ешбір тармақты көздемейтіндігін көрсетіп отыр, ұсыныстардың басым бөлігі орындалмаған немесе тек қағаз жүзінде орындалған.

Ар-ождан және дін бостандығына қатысты жағдайдың өзгеруіне ықпал етуі жағынан алып, орындалған іс-шараларға баға беру Үкімет жанындағы діни бірлестіктермен байланыс жөніндегі Кеңес отырыстарын өткізу, діни сенім бостандығы құқығының сақталуына мониторинг жүргізу және ой, ар-ождан және дін бостандығын реттеу бойынша шетелдік тәжірибені зерделеу, және тіптен, дәстүрлі емес діндерге қарсы бағытталған кең ауқымды кампанияның азаматтардың ар-ождан және дін бостандығы құқықтарына қатысты жағдайдың өзгеруіне әсер ете алмағандығына сендіріп отыр. Қазақстандағы діни қауымдардың қызметін қамтамасыз етудің орнына, мұндай қызметті реттеу жөніндегі жалпы стратегиялық бағыт сақталуда, және бұл құқық қорғау органдарымен іске асырылатын жағдай мониторингімен расталып отыр.

«Бейбіт жиналыстар бостандығы құқығы (жиналыстар бостандығы)» бөлімі

Жиналыстар бостандығына арналған бөлімінде Ұлттық жоспар 10 іс-шараның өткізілуін көздейді, атап айтқанда:

1. Бейбіт жиналыстар бостандығын реттеудің шетелдік тәжірибесін зерделеу.

Бұл тармақтың орындалуын бақылау мүмкін емес.

Ақпарат жоқ.

2. Қазақстан Республикасының ЕҚЫҰ төрағалық етуіне дайындық шеңберінде ЕҚЫҰ Бейбіт жиналыстар бостандығы жөніндегі сарапшылар тобы мүшелерінің, ЕҚЫҰ Бейбіт жиналыстар бостандығы жөніндегі басшылық принциптерін әзірлеушілердің қатысуымен халықаралық дөңгелек үстел өткізу.

Ұсыныс орындалмады.

3. *Үкіметтік емес ұйымдар тобы әзірлеп, Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Адам құқықтары жөніндегі комиссияның Сараптамалық кеңесі мақұлдаған заңдар жобаларының негізінде бейбіт жиналыстар бостандығы туралы жаңа заңның жобасын және өзге заңнамалық актілерге бейбіт жиналыстар бостандығы мәселелері жөніндегі өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заңның жобасын әзірлеу.*

Маманданған министрліктер мен ведомстволардың тарапынан бастамашылықтың болмауына карамастан, аталған заң жобасы әзірленді, **ұсыныс орындалды.**

4. *Дөңгелек үстелдің (конференцияның) өткізілуімен бейбіт жиналыстар бостандығы туралы жаңа заң жобасы мен бейбіт жиналыстар бостандығы мәселесі бойынша өзге заңнамалық актілерге өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы заң жобасын талқылау.*

Заң жобасын талқылау жөніндегі бірнеше дөңгелек үстелдер өткізілді.

Ұсыныс орындалды.

5. *Бейбіт жиналыстар бостандығы туралы жаңа заң жобасы мен бейбіт жиналыстар бостандығы мәселесі бойынша өзге заңнамалық актілерге өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы заң жобасын Қазақстан Республикасының Парламентінің қарауына ұсыну.*

Ұсыныс орындалмады.

6. *Жергілікті билік органдарның бейбіт жиналыстарды өткізу туралы хабарландыруды қарастыру тәртібін, соның ішінде бейбіт жиналыстарды ұйымдастырушылармен ынтымақтастық тәртібін анықтайтын ведомстволық нұсқаулық материалдарын құрастыру және қабылдау.*

Ұсыныс орындалмады.

7. *Құқық қорғау органдарының қызметкерлерінің бейбіт жиналыстар өткізу кезінде қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету, соның ішінде олардың ұйымдастырушылары және қатысушыларымен ынтымақтасу кезіндегі мінез-құлық ережелерін анықтайтын ведомстволық нұсқаулық материалдарын құрастыру және қабылдау.*

Ұсыныс орындалмады.

8. *Бейбіт жиналыстардағы тәртіпті қамтамасыз етуге уәкілетті құқық қорғау органдарының қызметкерлерін жиналысты ұйымдастырушылар мен олардың қатысушыларымен арадағы ынтымақтастық, жиналыстарды арандатудан қорғау, жиналыстың агрессивті қатысушыларымен келіссөздер жүргізу дағдылары, сондай-ақ арнайы құралдар мен күш қолданудың халықаралық стандарттары бойынша кешенді оқытуды іске асыру.*

Ұсыныс орындалмады.

9. *ҚР Жоғарғы Сотының бейбіт жиналыстар бостандығы құқығын іске асырумен байланысты істерді қарастыру кезіндегі сот тәртібі туралы нормативтік қаулысын қабылдау.*

Ұсыныс орындалмады.

10. *Жиналыстар өткізу кезінде өз пікірін өркениетті білдіру мен қарсылық етудің күш қолданылмайтын үлгілерін қолдану пайдасына қарай қоғамдық пікірді қалыптастыру жөніндегі кең ауқымды түсіндірмелік кампания жүргізу.*

Ұсыныс орындалмады.

Осылайша, он ұсыныстың тек екеуінің орындалғандығы туралы айтуға негіз бар, бұл негізгі міндет – қазақстандық заңдар мен құқыққолданушылық тәжірибені халықаралық стандарттарға сәйкестендіру мәселесінің шешілуіне еш ықпал ете алмайды. Бұл жағынан алып қарағанда, бұл бөлім бойынша Ұлттық жоспардың орындалған тармақтарының нәтижелілігі Қазақстандағы бейбіт жиналыстарға қатысты жағдайға мүлдем ықпалын тигізбейді.

«Сөз бостандығы және ақпарат алу құқығы» бөлімі

1. Қазақстан Республикасы ратификациялаған адам құқықтары саласындағы халықаралық актілердің ескерілуімен, БАҚ қызметін реттейтін заңнаманы жетілдіру.

2009-2010 жылдардағы заңнамалық өзгертулердің қарқынына қарап, Ұлттың жоспардың осы тармағының орындалғандығы туралы кесіп айту қиын. Аталған кезең ішінде азаматтардың ақпарат алу мен оны тарату құқықтарын шектеуге бағытталған бірқатар заңдар қабылданды. Атап айтқанда, Интернет желісіне қосымша қадағалау орнатқан «Ақпараттық-коммуникативті желілер туралы заңнамаға өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң. Тұлғаның жеке өмірі туралы мәліметтерді заңсыз жинау және БАҚ арқылы тарату үшін бес жылға дейін бас бостандығынан айыру туралы жазаны енгізген «Азаматтардың құқықтарын қорғау және жеке өмірлеріне қол сұқпаушылық мәселелері бойынша заңнамалық актілерге өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң. ҚР Қылмыстық кодексіне енгізілген жаңа 317-1 бап - ҚР Бірінші Президентіне көпшілік алдында тіл тигізу және абыройы мен қадір-қасиетіне қол сұғушылық - үш жылға бас бостандығынан айыруға дейінгі жазаның қолданылуын көздейді. Мұнымен қатар, сөз бостандығы және ақпарат алу еркіндігі қағидаларына сәйкес келетін заңнамалық өзгерістер де қабылданды. Осылайша, Азаматтық кодекске өзгерту енгізілді, ол бойынша енді заңды тұлға өзінің арнамысына, қадір-қасиетіне немесе іскерлік беделіне кір келтіретін мағұлматтарды сот тәртібімен теріске шығаруды талап етуге құқылы.

«Қылмыстық заңнаманы бұдан әрі гуманизациялау және қылмыстық үдерістегі заңдылық кепілдемелерін күшейту туралы» заң аясында тұлғаны жемқорлық қылмыс жасаған деп айыптаумен байланысыз жала жабу мен қорлауға қатысты әкімшілік преюдиция институты енгізілді. Алайда, мұны жала жабу мен қорлау туралы баптың толық қылмыссыздандырылуы деп тануға болмайды, қоғамдық және түзету жұмыстары, бас бостандығын шектеу және айыру түріндегі жазалаудың барлық қалған түрлері бұрынғы күйінде қалдырылған. Бұл жағынан, жала жабу мен қорлау туралы баптарды қылмыссыздандырудың өзінде, заң ішнара шаралармен шектеліп қойды.

Мұның барлығы, есептік кезеңде орын алған БАҚ қызметін реттейтін заңнаманы жетілдірудің Қазақстан Республикасымен ратификацияланған адам құқықтары саласындағы халықаралық құқықтық актілерге сәйкес келмейтіндігін көрсетеді, Ұлттық жоспардың бұл **ұсынысы орындалмады.**

2. Азаматтардың ақпарат алуға жөніндегі конституциялық құқықтарын толық қамтамасыз ету мақсатында 2011 жылы «Азаматтардың ақпаратқа қолжетімділігі туралы» Заңды құрастыру және қабылдау.

2010 жылы парламент мәжілісінің депутаты Ж. Асановтың бастамасы бойынша, Ұлыбритания Елшілігі, ПРООН, Сорос-Қазақстан Қорының қолдауымен, азаматтық қоғаммен бірлесе отырып «Ақпаратқа қолжетімділік» заң жобасын талдау жұмыстары басталды. заң жобасын бұқаралық тыңдаулар, дөңгелек үстелдер өткізілді. Жоба «Артикль 19» пікір білдіру еркіндігі жөніндегі Бүкіләлемдік кампания мен ЕҚЫҰ Демократиялық институттар мен адам құқықтары жөніндегі Бюросының тарапынан екі халықаралық сараптамадан өтті. Оны қабылдау мерзімі 2011 жылдан 2012 жылға ауыстырылды.

Ұсыныс ішнара орындалды.

3. Журналистер мен БАҚ өзге өкілдерінің заңды қызметіне кедергі келтіргендері үшін лауазымды тұлғалардың құқықтық жауапкершілігін (материалдық, әкімшілік, қылмыстық) күшейту.

Бұл міндет артық көрінеді, себебі Журналистер мен БАҚ өзге өкілдерінің заңды қызметіне кедергі келтіргендері үшін лауазымды тұлғалардың құқықтық жауапкершілігі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында айқын және негізді түрде көрсетілген (ҚР Қылмыстық кодексінің 155 бабы, ҚР Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодексінің 352 бабы). Заң журналистің кәсіби заңды қызметіне кедергі келтіру үшін жауапкершіліктің кең ауқымын көздейді. Мәселе басқада – заң жұмыс істемейді. Журналистердің құқық қорғау органдары мен соттарға бірнеше мәрте сәйкес өтініштер берулеріне қарамастан, 2001 жылдан бастап осы баптар бойынша ешбір адам жауапкершілікке тартылған жоқ.

Ұсыныс орындалмады.

4. БАҚ қызметін тоқтатуға тек сот шешімі бойынша жол берілуі тиіс.

Бұл норма 1999 жылы 23 шілдеде қабылданған ҚР «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» Заңда әлдеқашан бекітіліп қойған.

Ұсыныс орындалды.

5. *Абырой мен қадір-қасиетті қорғау істері бойынша шағымданудың ескілік мерзімін заңнамалық орнату.*

Ұсыныс орындалмады.

6. *Мемлекеттік органдар мен азаматтық қоғам институттарының ынтымақтасу құралдарын нығайту және мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстың тиімді іске асырылуы үшін жағымды жағдайлар жасау.*

Бұл кеңес «Сөз бостандығы және ақпарат алу құқығы» бөліміне еш негізсіз енгізілген. Өзіміз білетіндей, азаматтық қоғам институттарының дамуы негізгі шарттар ретінде сөз бостандығы мен ақпарат таратудан тұрады, алайда олармен шектелмейді.

Көптеген қазақстандық БАҚ түрлі әлеуметтік, экономикалық, экологиялық және саяси бағдарламаларды ақпараттық қамсыздандыру жөніндегі белгілі бір жұмыстарды атқаратын әлеуметтік тапсырысқа қатысты айтар болсақ, мұның *сөз бостандығы мен ақпарат алу құқығына мүлдем қатысы жоқ.* Сонымен қатар, әлеуметтік тапсырыс, көптеген журналистер мен қоғамдық ұйымдар өкілдерінің айтуынша, онсыз да рұқсат етілгеннің аясын тарылтып, БАҚ редакциялық саясатына айтарлықтай әсер етеді.

Ұсыныс орындалмады.

«Мемлекеттің істерін басқаруға қатысу құқығы (еркін және әділ сайлау)» бөлімі

Сарапшының пікірінше, Ұлттық жоспардың осы бөлімі Қазақстандағы әділ және демократиялық сайлау жүргізу мәселелерін толық қамтымайды. Алайда, осы бөлімде берілген кеңестердің өздері, олар іске асырылған жағдайда, сайлау үдерісін демократиялық стандарттар бағытында айтарлықтай ілгерілетулері әбден мүмкін. Бұл ұсыныстардың орындалмауы бұл тармақтардың Ұлттық жоспар мәтінінде пайда болуын айқындаған мәселелерді шешусіз қалдырады.

1. *Сайлау заңнамасының БҰҰ мен ЕЫҚҰ орнатылған халықаралық стандарттарға сәйкестігін жетілдіру жөніндегі ары қарайғы жұмыстарды жалғастыру.*

Бұл ұсыныста нақты жұмыс бағыттары анықталмаған (таңдалған заңнамада нақты нені жетілдіру қажет), сәйкесінше, оларды іске асырудың механизмдері де жоқ, яғни бұл ұсыныстың орындалғандығы туралы айтудың өзі мүмкін емес.

Ұсыныс орындалмады.

2. *Еркін және әділ сайлау құқықтарын іске асырудың көптеген өзге азаматтық және саяси құқықтардың сақталуына тәуелді болатындығын ескере отырып, халықаралық стандарттар мен ЕЫҚҰ шеңберіндегі міндеттемелерге сәйкестендіру мақсатында бұқаралық ақпарат құралдары, саяси партиялар мен қоғамдық бірлестіктер, бейбіт жиналыстар (митингілер, шерулер, ереуілдер) туралы заңнамаға өзгертулер енгізу.*

Бұл ұсыныс оның орындалуына баға беру мүмкіндігін жоққа шығарады, себебі азаматтардың мемлекет істерін басқаруға қатысуларының нақты мәселелерін Ұлттық жоспардың осы бөлімінің шеңберінен тыс жалпыдемократиялық жоспардың жалпы мәселелерін қарастырумен алмастырады.

Ұсыныс орындалмады.

3. *Сайлау комиссияларының қызметіне орнатылған тәртіпте тіркелген барлық саяси партиялардың өкілдерінің қатысуын қамтамасыз ету, сонымен қатар мұндай қатысу комиссия мүшелерін сайлайтын маслихаттардың саяси құрамынан тәуелді болмай, барлық саяси күштердің сайлау комиссияларының қызметтеріне объективті қатысуларын қарастыратын механизмге негізделуі тиіс.*

Ұсыныс орындалмады.

4. *Сайлаушылар тізімдерін құрастырудың мөлдірлігін заңнамалық түрде қамтамасыз ету.*

Ұсыныс орындалмады.

5. Сайлау учаскесінде дауыстар санын есептеу кезеңінде және есептеу қорытындылары туралы хаттамаларды құрастыру кезінде электрондық дауыс беру жүйесін қоғамдық қадағалауды заңнамалық түрде бекіту.

Ұсыныс орындалмады.

Осылайша, Ұлттық жоспардың осы бөлімінің бес ұсынысының ешбіреуі іске асырылмады. Бұрынғысынша, оппозициялық саяси партиялар өзге партиялармен тең негізде сайлау комиссияларының, соның ішінде Орталық сайлау комиссияларының мүшелігін құрай алмай келеді. Бұрынғысынша, сайлаушылар тізімдері тексеру мақсатында үміткерлер мен саяси партиялардың өкілдері үшін қолжетімсіз. Ұлттық жоспардың әрекет ету кезеңінің ішінде саяси партиялар туралы заңнама да түпкілікті реформалаудан өткен жоқ. Мысалы, «Алға» партиясы әлі күнге дейін тіркеуден өте алмай, сайлауға қатысу мүмкіндігінен айырылған. Үміткерлер құқықтарының теңдігі қағидасының бұзылуы сақталып отыр. Мәжіліс депутаттарын сайлау кезінде бір сайлаушы – бір дауыс қағидасы бұзылуда. Сайлау құқықтарын қорғау механизмдерінің тиімсіздігі, соның ішінде конституциялық құқықтардың бұзылуына қатысты азаматтар мен үміткерлердің Конституциялық кеңеске жүгіну құқығының жоқтығы, сайлауды заңсыз деп тану критерийлерінің жоқтығы, бюллетеньдердің лақтырылып тасталуы үшін қылмыстық жауапкершіліктің жоқтығы және т.б. сақталып отыр. Парламенттің кем дегенде бір палатасын азаматтардың тікелей дауыс беруі арқылы қалыптастырылуына қатысты халықаралық стандарттарға сәйкессіздік, Үміткерлер мен партиялардың сайлау кампанияларын қаржыландыру мөлдірсіздігі. Және соңында, азаматтардың жергілікті өзін-өзі басқарудың тәуелсіз органдарын қалыптастыру жөніндегі құқықтарын іске асыру мүмкіндігін беретін, жергілікті өзін-өзі басқару туралы заңның жоқтығы.

«Алдын ала тергеу және анықтау кезеңіндегі адам құқықтары» бөлімі

Бөлімде алты тармақ қарастырылған, оларда Қазақстан Республикасының Конституциясымен және халықаралық құқықтық актілермен кепілдендірілген адам құқықтарын қамтамасыз ету мақсатында Үкіметке 2009-2012 жылдар аралығында келесідей ұсыныстарды іске асыруға кеңес берілген.

1. Қылмыстық іс жүргізу заңнамасында «күдіктіні ұстау» және «іс жүзінде ұстау сәті» ұғымдарын нақты анықтау қажет, себебі іс жүзінде ұстау сәтінен бастап ҚР ҚІЖК 134 бабымен орнатылған үш сағаттық мерзім басталады, бұл мерзім ішінде ұстаудың негізі мен себептері, орны мен уақыты (сағат пен минуттардың көрсетілуімен), жеке тінту нәтижелері, сондай-ақ хаттаманы құрастыру уақыты көрсетілетін хаттама құрылуы тиіс.

Қазақстан Республикасының қолданыстағы қылмыстық-іс жүргізу заңнамасында «күдіктіні ұстау» және «іс жүзінде ұстау сәті» түсініктерінің регламентациясы жоқ. Лауазымды тұлғалар мен алдын ала тергеу және анықтау органдарының тарапынан жемқорлықты құқық бұзушылықтардың жасалуына мүмкіндік тудыратын мұндай кемшілік Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының 2009 жылы 28 желтоқсанда қабылданған «Адамның жеке бостандығы мен ар-ожданына қолсұқпаушылықты сақтау, азаптау, зорлық көрсету, өзге қатал, адамгершілікке жатпайтын немесе ар-ожданын қорлайтын мінез таныту мен жазалау мәселелері бойынша қылмыстық және қылмыстық-іс жүргізу заңнамасының нормаларын қолдану туралы» №7 Нормативтік қаулысының бетін ішара «жауып» отыр. Алайда, Жоғарғы соттың нормативтік қаулылары нормативтік-құқықтық актілер иерархиясынан тыс болғандықтан, құқық қолданушылық тәжірибе БҰҰ Ұстау жөніндегі қағидалар жинағының барлық талаптарын ескермейтін ҚР ҚІЖК әлдеқайда «оңтайлы» нормаларына негізделеді.

Ұсыныс орындалмады.

2. Елдің қылмыстық-іс жүргізу заңнамасын тұлғаны іс жүзінде ұстауды іске асыратын құқық қорғау органдарының қызметтерін ұсталушы тұлғаға кем дегенде төмендегілер туралы дереу ақпараттандыруға міндеттейтін нормалармен толықтыру қажет:

- ұстаудың негіздемесі;
- күдікті немесе айыпты деп танылған қылмыстың жіктемесі;
- өз таңдауы бойынша қорғаушы алу, соның ішінде тегін заңгерлік көмек және бірінші жауап алуға дейін қорғаушымен құпия кездесу құқығы;

- жауап бермеу құқығы (өзіне қарсы куәлік етпеу құқығы);
- ұстауға сот арқылы қарсы шығу құқығы;
- өзінің ұсталуы туралы туыстарына дереу хабарлау құқығы;

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының 2002 жылдың 6 желтоқсанындағы «Қорғау құқығын реттейтін қылмыстық-іс жүргізу заңнамасын қолдану тәжірибесі туралы» №26 нормативтік қаулысында Ұлттық жоспардың осы ұсынысына қатысты көптеген жайттардың ұсынылғандығына қарамастан, аталмыш нормаларға қатысты құқық қолданушылық тәжірибе оларды ескерусіз қалдыруды жөн көрді. Осыған орай, бұл ұсыныс Ұлттық жоспарға енгізілді.

Ұсыныс орындалмады.

3. *Қылмыстық істі жүргізетін органдардың кінәсіздік презумпциясы қағидасының сақталуын кепілдендіруі.*

Бұл ұсыныс құқық қолданушылық тәжірибеге қатысты, осылайша, қолданыстағы ҚІЖК 19 бабында кінәсіздік презумпциясын іске асыру үшін қажеттінің бәрі көзделген.

1. Әр адам оның қылмыс жасаудағы кінәсі ҚР ҚІЖК көзделген тәртіпте дәлелденіп, соттың заңды күшіне енген үкімімен орнатылмайынша кінәсіз саналады.

2. Ешкім өзінің кінәсіздігін дәлелдеуге міндетті емес.

3. Айыпталушының кінәлілігіндегі жойымсыз күмәндер оның пайдасына түсіндіріледі. Қылмыстық және қылмыстық-іс жүргізу заңдарын қолдану кезінде туындайтын күмәндар да айыпталушының пайдасына шешілулері тиіс.

4. Айыптау үкімі болжамдарға негізделе алмайды және сенімді дәлелдердің жеткілікті жиынтығымен расталуы тиіс.

Алайда, бұл мәселенің шешілуі тергеу қызметкерлері мен судьялардың біліктілігінің, олардың кәсіпқойлылығының жеткіліксіз құқықтық деңгейіне, заңдылықтың қалтқысыз сақталуы, азаматтар мен мемлекеттің алдында міндеттілік мен жауапкершілік сезімінің жоқтығына келіп тіреледі.

Ұсыныс орындалмады.

4. *Ішкі істер министрлігінің қарауындағы уақытша ұстау изоляторларын Әділет министрлігінің қарауына табыстау және қоғамдық бақылау комиссияларына бұл объектілерді алдын ала ескертусіз тексеру жүргізу құқығын беру.*

Пенитенциарлық жүйенің толығымен Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің қарауына берілуін ескеретін болсақ, пенитенциарлық жүйенің ұйымдастырылуы мен бағыныштылығының халықаралық қағидаларынан бұрынғыдан бетер ауытқушылыққа әкеп соқтырғандығын айтуға болады.

Ұсыныс орындалмады.

5. *Тергеу изоляторларының басшылығын қамауда ұстау мерзімін ұзарту туралы сот хабарландыруы болмаған жағдайда орнатылған мерзімнің аяқталуымен айыпталушыларды босатуға міндеттеу. Мұндай хабарландыру келіп түскен жағдайда, оның көшірмесі дереу түрде күдікті мен айыпталушыға табысталуы тиіс.*

Ұсыныс орындалмады.

6. *Ішкі істер министрлігі мен анықтау, тергеу жүргізетін және қамауға алатын өзге органдарда кәсіби корпоративті этика ережелерінің жинағына айналатын өз қызметкерлерінің мінез-құлық кодексін қабылдау қажеттілігі пісіп жетілді. Еуропада мұның мысалы ретінде 1976 жылы қабылданған Полицейлердің мінез-құлық кодексін келтіруге болады.*

Ұсыныс орындалмады.

Осылайша, бұл бөлімде Ұлттық жоспардың алты тармағының ешбіреуі орындалмаған. Ұлттық жоспардың орындалмауының күрделі қиыншылықтарының бірі заңдарда жазылған мен еліміздің Конституциясымен және халықаралық құқықтық актілермен кепілдендірілген адам құқықтарын қамтамасыз етудің нормаларын елемеушілік тән құқық қолданушылық тәжірибенің арасындағы үлкен айырмашылықта жатыр. Бұл тергеу қызметкерлері мен судьялардың жалпы біліктілігі, олардың кәсіпқойлылығы, идеологиялық бағдарлануының мәселесі. Тағы бір қиыншылық ішкі саяси жағдайдың күрделілігімен және экстремизм мен терроризм тарапынан туындайтын қауіптермен айқындалған-мыс құқық қорғау органдарының репрессивтік-жазалау функциясының

күшейтілуіне бағытталған мемлекеттің жалпысаяси бағдары болып табылады. Бұл жағдайда адам құқықтарын халықаралық стандарттарға сәйкес қамтамасыз етуге бағытталған қандай да бір іс-шараларды іске асыру мүмкіндігі туралы тіптен айтудың өзі қиын.

«Азаптаулардан және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын және ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлерінен еркін болу құқығы» бөлімі

Ұлттық жоспарды құрастырушылар азаптауларды болдырмау саласында жоспарланған іс-шаралар БҰҰ азаптауларға қарсы Комитетінің, БҰҰ азаптауларға қарсы арнайы баяндамашысының кеңестерін, сондай-ақ азаматтық қоғам мен халықаралық ұйымдардың кеңестерін орындауға бағытталған. Алайда, сарапшының пікірініше, Ұлттық жоспарда қарастырылған іс-шараларды іске асыру жүйесіз және ретсіз сипатқа ие.

1. *БҰҰ Азаптауларға қарсы комитетінің ұсынымдарын жүзеге асыру туралы ҚР Үкіметінің қаулысын дайындап, қабылдау.*

Мұндай қаулы 4 ақпан 2010 жылы қабылданды. «2010-2012 жылдарға арналған БҰҰ азаптауларға арналған Комитетінің кеңестерін жүзеге асыру бойынша ҚР Үкіметінің іс-шаралар жоспары туралы» қаулы 19 міндеттен құралған іс-шаралар жоспарынан тұрады. Іс жүзінде, БҰҰ азаптауларға қарсы Комитетінің барлық кеңестері (2008г.) Үкіметтің Жоспарынан орын тапты. Заңнаманы реформалауға қатысты іс-шаралардың көбі іске асырылды. Дегенмен де, құқық қорғау тәжірибесінде айтарлықтай өзгертулер жоқ.

Ұсыныс орындалды.

2. *Қазақстан Республикасының Азаптауларға қарсы конвенцияның орындалуы туралы баяндамасын қарау нәтижесі бойынша БҰҰ Азаптауларға қарсы комитетінің ұсынымдарын талқылау жөніндегі және Азаптауларға қарсы конвенцияның Факультативтік хаттамасында бір жылдың ішінде құру көзделген азаптауды болдырмаудың ұлттық первентивтік тетіктерінің мүмкін модельдері туралы халықаралық конференция өткізу.*

2009 – 2010 жылдар аралығында мемлекеттік органдар әріпте ретінде әрекет еткен, үкіметтік емес және халықаралық ұйымдардың бастамасы және қаржылық демеушілігімен ұйымдастырылған ҰПМ құру мәселелері туралы бірқатар іс-шаралар өткізілді. Ұлттық Жоспарды іске асыру шеңберінде әрбір жарты жыл сайын Бас прокуратура жанында БҰҰ азаптауларға қарсы Комитетінің кеңестерін іске асыру мәселелері қарастырылатын құқық қорғау органдарының үйлестіру кеңесінің отырыстары өткізіледі.

Ұсыныс орындалды.

3. *Қазақстан Республикасының қылмыстық және қылмыстық іс жүргізу заңнамасына өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөніндегі, соның ішінде «азаптау» анықтамасын Азаптауларға қарсы конвенцияның I-бабына сәйкес келтіру, ұсталғандардың барлық құқықтарының ұсталған сәттен бастап сақталуына кепілдіктер, шығарып жіберу, депортация, жер аудару немесе беру қатері төнген адамдарды құқықтық қорғаудың тиімді құралдарын қамтамасыз ету жөніндегі заңнамалық ұсыныстар әзірлеу.*

ҚР 18.01.11ж. «Кейбір заң актілеріне қылмыстық заңнаманы гуманизациялау және қылмыстық іс жүргізудегі заңдылық кепілдіктерін күшейту мәселелері бойынша өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңымен ҚР ҚК 347-1 бабы жойылған.

ҚР Қылмыстық Кодексінің «Адам мен азаматтың конституциялық және өзге құқықтары мен бостандықтарына қарсы қылмыстар» 3 бөлімі азаптаулардың қолданылуы үшін жауапкершілікті қарастыратын 141-1 баппен толықтырылды. Енді 141-1 баптағы «азаптауға» берілген анықтама азаптауларға қарсы Конвенцияның 1 бабындағы анықтамаға бір қадам жақындады.

Бұған сәйкес, лауазымды тұлғалардың рөлі белсенді іс-қимылдардан ғана емес, арандатушылық, үнсіз келісім немесе көрінеу әрекетсіздіктен де тұруы мүмкін. Алайда, азаптаулар үшін жазалау дәрежесі бұрынғысынан, Қазақстанның халықаралық міндеттемелеріне жауап бермейді. БҰҰ азаптауларға қарсы Комитеттің қатысушы-мемлекетке берген азаптау актілерінің кіші және орта ауырлықтағы қылмыс санатына жатқызылмауы, олар үшін сәйкес үкімнің шығарылуы туралы кеңесі орындаусыз қалды.

Ұсыныс ішара орындалды.

4. *Азаптауларды болдырмау жөніндегі ұлттық первентивтік тетіктер құру жөніндегі заңнамалық ұсыныстар (Заң жобасын) әзірлеу.*

2010 жылы маусым айында Әділет Министрлігі ҰПМ туралы жеке заң жобасын құрастырған болатын, алайда кейіннен оны талқылау жұмыстары тоқтатылып қалды. Азаматтық қоғамның өкілдері ҰПМ туралы екі балама заң жобасын құрастырып, оларды талқылауға ұсынды. Қазіргі уақытта мемлекет заң жобасын қарастыру ісімен айналысуда.

Шартты түрде бұл ұсыныс орындалды.

5. *Адам құқықтары жөніндегі уәкіл (Омбудсмен) институтын адам құқықтары жөніндегі ұлттық мекемелерге қатысты Париж принциптеріне сәйкес келтіру жөніндегі Заң жобасын әзірлеу.*

«Адам құқықтары жөніндегі уәкілеттінің қызметін қамтамасыз ету мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасының аясында 2011 жылдың соңында бұл ұсыныстың сәйкес заңдарға жекелеген толықтырулар мен өзгерістер енгізу деңгейінде көрініс табатындығы болжанды. Алайда, азаматтық қоғам өкілдері Париж қағидаларына сәйкес, жеке заңның қабылдануын талап етуде.

Әзірше, бұл ұсыныс орындалмады.

6. *Құқық қорғау органдары, пенитенциарлық жүйе қызметкерлеріне, азаптауды болдырмау жөніндегі ұлттық первентивтік тетіктер қызметіне қатысты қоғамдық мониторингке арналған нұсқаулық және әдістемелік материал әзірлеу.*

Ақпарат жоқ.

7. *Адам құқықтары жөніндегі уәкіл (Омбудсмен) институтын адам құқықтары жөніндегі ұлттық мекемелерге қатысты Париж принциптеріне сәйкес келтіру жөніндегі заң жобаларын дөңгелек үстел (конференция) өткізе отырып талқылау.*

2010 жылдың басында ҚР Әділет Министрлігінің жанынан «ҰПМ туралы» заңды құрастыру мен талқылау жөніндегі Жұмыс тобы құрылды, оның құрамына мемлекеттік органдардың өкілдері, азаматтық қоғам мен халықаралық ұйымдардың өкілдері кірді. ҚР Әділет Министрлігі бірқатар заңнамалық актілерге өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы заң жобасын талқылауға ұсынды. Алайда, азаптауларға қарсы Коалиция, халықаралық ұйымдар, сондай-ақ азаптау мәселелері жөніндегі БҰҰ Арнайы баяндамашысы ҰПМ туралы жеке заңды құрастыру қажеттігі туралы мәлімдеді.

2010 жылы маусым айында Әділет Министрлігі ҰПМ туралы жеке заң жобасын құрастырған болатын, алайда кейіннен оны талқылау жұмыстары тоқтатылып қалды. Азаматтық қоғамның өкілдері ҰПМ туралы екі балама заң жобасын құрастырып, оларды талқылауға ұсынды. Мұның бәрі аталған заң жобаларын талқылау жөніндегі түрлі іс-шаралардың өткізілуіне алып келді.

Ұсыныс орындалды.

8. *Қазақстан Республикасының Азаптауларға қарсы конвенцияның Факультативтік хатамасы бойынша міндеттемелеріне сәйкес азаптауды болдырмау жөніндегі ұлттық первентивтік тетіктер құру.*

Ұсыныс орындалмады.

9. *Құқық қорғау органдары, пенитенциарлық жүйе, прокуратура, сот органдары қызметкерлеріне, қоғамдық мониторингке азаптауларды болдырмау жөніндегі ұлттық первентивтік тетіктер шеңберінде халықаралық стандарттар мен азаптаудан қорғау процедураларын кешенді оқытуды іске асыру.*

Ұсыныс орындалмады.

10. *Азаптауларды болдырмау жөніндегі ұлттық первентивтік тетіктерді құру тәртібі мен қызметінің принциптерін түсіндіру жөніндегі кең ауқымды түсіндіру науқанын жүргізу.*

Ұсыныс орындалмады.

Ұлттық жоспардың осы бөлімінің шеңберінде ҚР үкіметі азаптауларды болдырмау саласында 19 міндеттің іске асырылуын көздейтін арнайы жоспар қабылдаған болатын. Бұл жоспарда БҰҰ

азаптауларға қарсы Комитетінің барлық кеңестері (2008г.) орын тапты. Дәл осы жұмыстың аясында заңнаманы реформалауға қарай нақты қадамдар жасалды. Алайда, заңнамадағы өзгерістер шынайы өмірден өз көріністерін таба алмады – құқық қолданушылық тәжірибеде айтарлықтай өзгерістер болмады, Қазақстандағы азаптаулар күрделі мәселелер қатарында қалуда.

«Әділ сот ісін жүргізу құқығы» бөлімі

Сарапшымен жүргізілген талдау, осы бөлім бойынша 17 ұсыныстың ешбіреуінің толық орындалмағанын көрсетіп отыр.

Төртеуі ішнара орындалған (№№ 1, 2, 3 және 10)

Екі ұсыныс бойынша (№ 6 және 8) белгілі бір жұмыстар жүргізілуде, бірақ бұл олардың орындалар-орындалмасы туралы айту үшін жеткіліксіз.

1. *Сот процедураларының, сондай-ақ сот билігі органдары қызметінің ашықтығы мен мөлдірлігіне бағытталған шаралар қабылдау.*

Бұл ұсыныс шеңберіндегі нақты ұсыныстардың бірі сот отырыстарында болып жатқандарды міндетті түрде аудио немесе бейнежазбаға түсіруді қамтамасыз ету болып табылады. Берілген кеңес толық іске асырылған жоқ, себебі сот отырыстарына арналған залдардың шамамен 30% қажетті құрал-жабдықтармен жабдықталмаған. «2010 жылы 16 бірлік көлемінде сот отырыстарын аудио-бейнежазба құралдарымен ішнара қамсыздандыру толық көлемде орындалған. Сот отырысының хаттамасының міндетті түрде жүргізілуі, іс бойынша төрағалық етушінің рұқсатынсыз сот үдерісінде аудио-бейнежазба жүйесін қолдану бойынша іс тарабының құқығы мәселелері бойынша әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы іс-жүргізу заңдарына өзгертулер енгізу көзделді. Аталған кеңес іске асырылмаған. Осылайша, **ұсыныстың ішнара орындалғандығын** айтуға болады.

2. *Әділ сот төрелігінің жариялылығы мен мөлдірлігінің жоғары деңгейіне қол жеткізуді соттың басқа мемлекеттік органдармен, бұқаралық ақпарат құралдарымен және жұртшылықпен өзара қарым-қатынас тәртібін реттеуден де көреміз.*

Ұлттық жоспардың бұл тармағын 5 Бөлімінде оларға қол жеткізу үшін ведомствоаралық әрекеттестік талап етілетін міндеттердің 7 көрсеткіші көрсетілген «Жоғарғы Соттың 2011-2015 жж. арналған стратегиялық жоспарының» мәтінмәнінде қарастыруға болады. ҚР Жоғарғы Соты, Қазақстан Судьяларының одағы, «Әділ сөз» сөз бостандығын қорғау жөніндегі халықаралық қор «Сот билігі және БАҚ» атты тұрақты түрде әрекет ететін форумның аясында сот билігі мен БАҚ әрекеттестігінің түрлері мен әдістерін ары қарай іздеу, БАҚ алдында жария сөз сөйлеуге дайындау бойынша судьялардың тәжірибелік дағдыларды игеруі, журналисттердің сот отырыстары залдарына еркін қолжетімділігі мәселелеріне арналған «Сот билігі мен бұқаралық ақпарат құралдарының әрекеттестігі» екі күндік семинар-тренинг өткізгендерін еске түсіруге болады. Алайда, «Жоғарғы соттың стратегиялық жоспары», бұл тақырыптың бұқаралық талқылану дәлелі бұл ұсыныстың орындалу көрсеткіші ретінде қарастырыла алмайды. Көп дегенде, ол билік басындағылардың осы бағытта әрекет етуге деген саяси ырқын көрсету ретінде қабылдана алады. Бұл **ұсыныстың ішнара орындалғандығын** көрсетеді.

3. *«Судьяларды тағайындаудың әлдеқайда мөлдір тәртібі қажет».*

Судьялардың, барлық деңгейдегі соттар мен сот инстанцияларының басшыларының бос орындарына тағайындауға Жоғары Сот Төрағасы ұсынатын адамдардың тізімін БАҚ жариялау қажеттілігіне қатысты ұсыныстың бір бөлігі іске асырылды. Бүгінгі таңда Республиканың Жоғарғы сотының веб-сайтында «Жоғарыда аталған үміткерлерді іріктеудің ашықтығы мен жариялылығын қамтамасыз ету мақсатында қалауыңыз бойынша аталған тұлғаларға қатысты қандай да бір мәліметтерді, пікіріңіз бен ойыңызды Жоғарғы Соттың www.suprcourt.kz сайтына немесе 010000, Астана қ., Қонаев көш., 39 үй мекен-жайы бойынша жолдауыңызға болады» деген белгілеумен Жоғарғы сот судьяларының, алқа төрағалары мен облыстық сот төрағаларының бос лауазымдарына тағайындау туралы Жоғарғы сот кеңесінің қарауына ұсынылған ұсынымдар туралы хабарламалар жарияланып тұрады.

Алайда, судьялар лауазымына кандидатураларды талқылау кезінде соттар қызметіне қатысы бар кәсіптік ассоциацияларды қоса алғандағы азаматтық қоғаммен консультациялар жүргізу

қажеттілігіне қатысты ұсыныстың басқа бөлігі іске асырылған жоқ. Сәйкесінше, бұл **ұсыныс ішнара іске асырылды.**

4. Судьяға кандидат-тағалымгерлерді мемлекеттік қолдау, сондай-ақ судьялар референттері (көмекшілер) институтын енгізу туралы мәселені қарау.

Судья референттері институтын енгізу туралы тармақ Жоғары соттың стратегиялық жоспарында да қарастырылмаған. Соған қарамастан, 2008 жылы Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты Аппаратының сот жүйесін зерттеу жөніндегі Орталығы судьяның көмекшісінің құқықтық мәртебесі, сот әділдігін орнатудағы оның орны туралы мәселелер, сондай-ақ аталған институттың енгізілуімен байланысты қатынастарды заңнамалық реттеу қажеттілігі қарастырылатын «Судьялардың көмекшілерінің институтын енгізу» ғылыми-зерттеу жобасы іске асырылды.

Ұсыныс орындалмады.

5. Соттар мен судьялардың мамандандырылуын тереңдету жөніндегі шаралар қабылдау: Қазақстан өңірлерінде ювеналдық соттарды дамыту; салық, еңбек және басқа соттарды құрудың негізділігін зерделеу.

Жоғарғы соттың стратегиялық жоспарында салық соты мен 2014 жылға қарай 14 ювенальді соттардың мүмкін құрылуы туралы мәселенің қозғалуына қарамастан, бұл ұсынысты іске асырылған деп санау қиын.

Ұсыныс орындалмады.

6. Соттарды тәртіптік жауапкершілікке тартумен байланысты мәселелер де реттеуді талап етеді.

Бұл ұсыныстың шеңберінде Заңдылықтың нақты қандай бұзушылықтары үшін судьяның тәртіптік жауапкершілікке тартыла алатындығын заңнамалық деңгейде анықтау көзделген. ҚР Жоғарғы сотының бастамасы бойынша, Венециандық комиссия мен ЕҚЫҰ ДИАҚБ бірлесіп дайдалған сараптамалық пікір алынып, Үкіметтің заңжобалық жұмыстарының жоспарында ағымдағы жылдың күзіне «Сот жүйесі мен судьялардың мәртебесі туралы» Конституциялық заңға өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасы жоспарланған. Бұл ұсыныстың іске асырылуына қарай жасалған қадамдарға қарамастан, осы шолуды әзірлеу сәтінде ұсыныстың орындалуы туралы айтуға ертерек болды. Сондай-ақ, осы ұсыныстың шеңберінде Республикалық тәртіптік-біліктілік алқа мен Сот қазылар алқасы шешімдерін мүдделі адамдардың Жоғары Сот Кеңесінде шағымдана алуы туралы мәселені қарау да көзделген болатын. Бұл **ұсыныстың орындалмағандығы** туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

7. Азаматтық істерді қарау мерзімдерін, сот ісін жүргізу мен атқару ісін жүргізу кезінде келтірілген нұқсанды өтеу тетіктерін белгілеуге қатысты қағидаларды жетілдіру.

Істерді заңда белгіленген мерзімінен артық қараумен байланысты барлық мәселелерді азаматтарға соттардың істі қарау мерзімдерін бұзуымен байланысты пайда болған нұқсанды өтеуді талап ету құқықтарының берілуімен байланысты мәселелерді реттеу көзделген. Жанама түрде бұл мәселе сыбайлас жемқорлық түріндегі құқық бұзушылықтардың алдын алуға мүмкіндік беретін қадағалаудың электрондық үлгісін жүргізудің болашағы ретінде Жоғарғы соттың Стратегиялық жоспарында аталған. Алайда, іс жүзінде бұл бағытта әлі ештеңе істелген жоқ.

Осы тармақтың тағы бір мәселесі конституциялық іс жүргізуге қатысушыларды ұлғайту және оған азаматтарды бұзылған конституциялық құқықтарын қорғау үшін Конституциялық Кеңеске жүгіну мүмкіндігін бере отырып қосу туралы мәселені қарастыру.

Ұсыныс орындалмады.

8. Азаматтар мен ұйымдардың қатысуымен жария-құқықтық дауларды қарастыру мен кеңейту тәртібін реттейтін әкімшілік-іс жүргізу заңнамасының нормаларын кодификациялау үшін Қазақстан Республикасының Әкімшілік-іс жүргізу кодексін қабылдау.

2009 жылы қабылданған 2010-2020 жылдар аралығына арналған Қазақстан Республикасының Құқықтық саясат концепциясы Әкімшілік-іс жүргізу кодексін қабылдау қажеттілігін қарастырады. Концепцияға сәйкес, ағымдағы әкімшілік соттардың негізінде әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істердің жалпы юрисдикциядағы соттардың қарауына табысталуымен, жария-құқықтық дауларды қарастыратын әкімшілік әділет жүйесінің құрылуы заң-сот жүйесінің даму бағыттарының бірі болуы тиіс. Яғни, Концепцияның осы тармағы Ұлттық жоспардың қарастырылып отырған ұсынысымен толық сәйкес келеді. Тек іске асыру мерзімдерінде ғана

айырмашылық бар – Ұлттық жоспар бұл істі 2012 жылға дейін аяқтауды көздесе, Концепцияда бұл 2020 жылға дейін бармақ.

2010 жылы Астана қаласында «Қазақстан Республикасындағы әкімшілік әділеттің орнау мәселелері» тақырыбында халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті, ал 2011 жылы Қарағандыда әкімшілік іс жүргізу құқығының дамуы мәселелері талқыланған «Құқықтық саясат концепциясы: қылмыстық және әкімшілік құқық пен үдерістің дамуы» тақырыбында дөңгелек үстел өтті. Бұл осы бағытта белгілі бір жұмыстардың қолға алынғандығын көрсетеді. Алайда, жоспарланған нәтиже - Әкімшілік іс жүргізу кодексін қабылдау әзірше іске асырылған. Осыған орай, **ұсыныстың орындалмағандығы** туралы айтуға негіз бар.

9. *Айыптау тарапынан іс жүргізу теңдігіне қол жеткізу бағытында адвокаттардың мәртебесі мен іс жүргізу мүмкіндіктерін заңнамалық жолмен көтеру.*

Ұсыныс орындалмады.

10. *Өз ведомствосының қызметкерлеріне қатысты қылмыстық істерді тергеу тәжірибесін жою». Мұндай қылмыстық істердің объективті тергелуінің шарты құқық қорғау органдарының өз қызметкерлеріне қатысты тергеу жүргізулерін жою болып табылады.*

2011 жылдың 18 қаңтарындағы Заңмен ҚР ҚІЖК 192 бабына бір ведомство қызметкерлерімен жасалған қылмыстар туралы істердің басқа құқық қорғау органының қызметкерлерімен тергелуіне қатысты өзгертулер енгізілген. Заңнамадағы бұл өзгертулер **ұсыныстың ішнара орындалғандығын** білдіреді.

11. *Сот алқаларының төрағаларының сәйкес соттардың судьяларымен сайлануын заңнамалық орнату.*

Ұсыныс орындалмады.

12. *Бітімгерші судьялар институты (билер соты) енгізіліп, оларды халықтың сайлауын заңнамалық тұрғыда бекіту.*

Ұсыныс орындалмады.

13. *Үдеріс қатысушыларының құқықтарын шектеп, оларды қадағалаушылық шағымды алдын ала қарау рәсімін қажет етпейтін прокурормен тең жағдайға қоймайтын қадағалау шағымдануларын алдын ала қарастыру тәртібін қайта қарау.*

Қадағалау инстанциясына ұсынылатын қорғаушылар, сотталғандар, жапа шеккендер мен үдерістің өзге қатысушыларының қадағалаушылық шағымдарын прокурорлардың шағымданулары сияқты іс жүргізушілік шешімдердің қабылдануымен тікелей қадағалау алқасында қарастыру көзделген. Алайда ҚІЖК 460 бабының 5 тармағы мен 463-465 баптары бұрынғы нұсқамаларында қалды.

Осылайша, **ұсыныс орындалмады.**

14. *Қадағалау шағымын үш судья құрамында алдын ала қарау азаматтардың олардың шағымдарын объективті қаралу құқықтарына жасалатын қысым ретінде жою.*

ҚР ҚІЖК 463 бабының 1 тармағы бұрынғы күйінде сақталды.

Ұсыныс орындалмады.

15. *Қорғаушының мемлекеттік, коммерциялық және өзге заңмен қорғалатын құпияны құрайтын құжаттарды талап ету құқығы туралы мәселені заңнамалық реттеу.*

Қорғаушымен талап етілген құжаттарды оған беру мүмкін болмайтын жағдайларды заңда көрсету ұсынылған.

ҚР ҚІЖК 125 бабына өзгертулер енгізілген жоқ.

Ұсыныс орындалмады.

16. *Сауалнама жүргізу тәртібі, сауалнама барысында алынған мәліметтерді бекіту, мұндай дәлелдемелерге жол беру мен оларды бағалау тәртібі туралы мәселелерді заңнамалық бекіту, қорғаушылардың дәлелдемелер, құжаттар мен өзге мәліметтерді жинау құқықтарын кеңейтудің құқықтық негізін құру, яғни, дәлелдемелерге жол беруді тану жағынан олардың сот үдерісінде қорғаушылармен ұсынылуы туралы мәселені заңнамалық тәртіпте шешу.*

Ұсыныс орындалмады.

17. *Қылмыстық жазалау түрі ретінде өлім жазасын алып тастау және Азаматтық және саяси құқықтар туралы Халықаралық пактінің екінші Факультативті хаттамасын ратификациялау.*

Бұл жерде айта кететін жайт, ҚР Үкіметінің 2011 ж. арналған заңжобалық жұмыстар Жоспарында АСҚХП ФХ ратификациялау қарастырылмаған. 2011 жылдың көктемінде Қазақстан президентінің жанындағы Адам құқықтары жөніндегі комиссия Азаматтық және саяси құқықтар туралы Халықаралық пактінің өлім жазасын алып тастауға бағытталған екінші Факультативті хаттамасын ратификациялау ұсынысымен үкіметке жүгінді. Сол кезде Астана қаласында ҚР СІМ, Нидерландының Қазақстандағы елшілігі, БҰҰ Жоғарғы комиссарының Басқармасымен бірлесіп, Орталық Азиядағы Халықаралық түрме реформасының өкілдігімен ұйымдастырылған «Орталық Азиядағы мораторийден өлім жазасын толық алып тастауға қарай: өтпелі кезеңнің қауіптері» атты халықаралық конференция өтті. 2011 жылы халықаралық гуманитарлық құқық пен адам құқықтары жөніндегі халықаралық шарттар жөніндегі ведомстваралық комиссияның 11-ші отырысында кейінгі мерзімде ратификациялануымен екінші факультативті хаттамаға мүмкін қол қою туралы мәселені қайта келісу жөнінде мемлекеттік органдарға кеңес-ұсыныстар жасалды. Бұл мәселенің үлкен назарда болуына қарамастан, **ұсыныс орындалмады.**

Жоғарыда аталған тармақтардың орындалуына жүргізілген талдау Ұлттық жоспардың осы бөліміндегі ұсыныстардың мүлдем қанағаттанарлықсыз деңгейде орындалғандығын көрсетіп отыр.

«Сотталғандар құқығы» бөлімі

Бұл бөлім бойынша сотталғандар құқықтарын қамтамасыз етуге бағытталған 2009-2012 жылдарға арналған бірқатар іс-шаралар әзірленді.

1. *Қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерін құзырлы және білікті кадрлармен жасақтау.*

Ресми жағынан қарағанда, Қазақстанда ҚАЖ үшін мамандарды дайындау жұмыстары жүргізіліп келеді. Алайда, қылмыстық-атқару жүйесіндегі тәрбиелік жұмыс тиімділігінің төмендігі, отряд басшылары мен пенитенциарлық жүйенің өзге жауапты тұлғаларының кәсіпқойсыздығы сотталғандармен жұмыс істеу үшін кадрларды дайындау ісіндегі күрделі мәселелердің барын көрсетіп отыр. ҚР ПМ ҚАЖ дамыту Концепциясында қылмыстық сот әділдігі саласындағы халықаралық стандарттар, ұлттық, мәдени-тарихи және ментальдік дәстүрлердің ұсыныстарын және ҚР экономикалық мүмкіндіктерін ескеретін ҚАЖ қызметкерлерін, мамандарын тәжірибелік-бағдарлық оқыту басымдықтары айқындалмаған. Ұлттық жоспардың қабылдану сәтінен бастап, кадрларды дайындауға қатысты жағдайдың жақсаруына принципіалды тұрғыда ықпал етерлік ешбір шара қолданылған жоқ.

Ұсыныс орындалмады.

2. *Ұлттық Жоспарға сәйкес соттардың қылмыстық жазаның бостандықтан айыруға балама түрлерін қолдану практикасын кеңейтуге арналған ұйымдық-құқықтық жағдай жасау айқындалған болатын.*

ҚР ПМ ҚАЖК әзірленіп, Парламенттің қарауына жолданған «ҚР кейбір заңнамалық актілеріне пробация қызметі мәселелері бойынша өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» заңжобасын осы ұсынысты іске асыруға бағытында жасалған жұмыстың басы ретінде қабылдауға болады. Алайда, бұл жобада ұлттық және халықаралық сарапшылардың барлық кеңес-ұсыныстары толыққанды ескерілмегендігін, және заңдағы нормаларды іске асыру мерзімдерінің анықталмауын алып қарасақ, ұсынысты іске асырылған деп санау қиын.

Ұсыныс орындалмады.

3. *Сотталғандарды бостандығын айыру орындарында ұстаудың қауіпсіз және лайықты шарттарын қамтамасыз ету. Қамаудағылармен қарым-қатынас жасаудың ең төменгі стандарттарына сай келетін мекемелердің қажетті санын салуды жалғастыру.*

Ұсыныс орындалмады.

4. *Әділет министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетімен және «Еңбек» РМК-мен бірлесіп жазасын өтеп жүрген сотталғандарға арналған жұмыс орындарын арттыру жөніндегі*

қажетті шараларды қабылдасын, бұл талаптарды өз уақытында өтеуге және ШМБ құқығын жүзеге асыруға жағдай жасайды.

Ақылы жұмыстарда жұмыс істейтіндер санының бір жыл ішінде шамамен 10% артқандығын ескеретін болсақ, Ұлттық жоспардың осы тармағының баяу болса да, іске асырылып жатқандығын айтуға негіз бар.

Ұсыныс ішнара орындалды.

5. *Ұлттық жоспарда сотталғандар мен түзеу мекемелері қызметкерлерінің шартты түрде-мерзімінен бұрын босату мәселелері бойынша хабардар болуы мен құқықтық сауаттылығын көтеруге бағытталған мемлекеттік бағдарламаның әзірленуін көздейді.*

Ұсыныс орындалмады.

6. *Сотталғандардың түзелуін бағалауға қатысты: түзелу жолына түсті, түзелу жолына берік түсті, түзелгенін дәлелдеді деген критерийлерді әзірлеу.*

Ұсыныс орындалмады.

7. *Сотталғандарға білікті заңгерлік көмек көрсету тәртібін заңнамалық түрде бекіту.*

Ұсыныс орындалмады.

8. *Түзету мекемелері мен тергеу изоляторлары азаматтық қоғам институттары тарапынан бақылау үшін барынша ашық болуға тиіс. Құқық қорғау органдарының, түзеу мекемелері әкімшіліктерінің, тергеу изоляторларының қызметі жұртшылыққа белгілі болуға тиіс. Бұл ұйымдардың жабықтығы азаптау мен күш қолдануға идеалды түрде жағдай жасайды.*

Қазақстанда жабық мекемелерде қоғамдық мониторинг жүргізу институтын ары қарайғы дамытуға бағытталған оң қадам ретінде «Қоғамнан уақытша изоляцияны қамтамасыз ететін арнайы мекемелерде ұстау тәртібі мен шарттары туралы» заңға ҚҚК құру мен қызмет ету тәртібін реттейтін баптардың (50 және 51) енгізілуін қабылдауға болады. Қазақстан Республика Үкіметінің 24.06.2011ж. Қаулысымен «Арнайы мекемелердегі қоғамдық қадағалауды іске асыру үшін облыстар, республикалық маңызы бар қалалар мен астананың қоғамдық қадағалау комиссияларын құру ережелері» бекітілді. Қоғамдық Қадағалау Комиссиясының (ҚҚК) мүшелері 2004 жылдан бастап түзеу мекемелері мен тергеу изоляторларына еркін келіп кіру құқығына ие болуларына қарамастан, бостандығынан айыру орындарында болып жатқан жағдайдың азаматтық қоғам тарапынан толыққанды қоғамдық бақылауда жүргендігі туралы айту мүмкін емес.

Ұсыныс ішнара орындалды.

9. *«Мәжбүрлеп ұстау орындарындағы адам құқықтарының сақталуына қоғамдық бақылау туралы» бөлек Заң қабылданғанға дейін Ұлттық жоспар бойынша қоғамдық қадағалау комиссияларына адам құқықтарының сақталуына мониторинг жасау үшін заңнамалық түрде түзеу мекемелері мен тергеу изоляторларына, уақытша ұстау изоляторларына кенеттен кіріп бару құқығын беру көзделген.*

10. *Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Адам құқықтары жөніндегі комиссия мен Әділет министрлігі Қоғамдық қадағалау комиссиялары мүшелерінің түзеу мекемелері мен тергеу изоляторларына еркін кіріп-шығуы жөніндегі шараларды қабылдасын.*

Ұлттық жоспардың бұл ұсыныстарын «Қоғамнан уақытша изоляцияны қамтамасыз ететін арнайы мекемелерде ұстау тәртібі мен шарттары туралы» заңға толықтырулар енгізу туралы заң мен Үкіметтің «Арнайы мекемелердегі қоғамдық қадағалауды іске асыру үшін облыстар, республикалық маңызы бар қалалар мен астананың қоғамдық қадағалау комиссияларын құру ережелерін бекіту туралы» қаулысын әзірлеушілер ескерген жоқ. ҚҚК-ң түзеу мекемелеріне кенеттен келіп кіру құқығы жаңа баптарға енгізілген жоқ және сол себепті Ұлттық жоспардың осы ұсынысы орындалмады.

11. *Бостандығынан айыру орындарында жазасын өтеп шыққан адамдарды бейімдеу орталықтары құрылсын, өйткені оларды Қазақстанның қылмыстық-атқару мекемелерінде ұстаудың қазіргі жағдайлары адамның денсаулығына, көп жағдайда қоғамның қалыпты өміріне кірісуге ұзақ уақыт бойы қабілетсіз ететін белгілі бір нұқсан келтіреді.*

Ұсыныс орындалмады.

Сонымен қатар, 10 жылдан астам уақыт бойы Павлодарда қызмет етіп келе жатқан бостандығынан айыру орындарынан босап шыққан тұлғаларды Бейімдеу жөніндегі жалғыз орталық қазіргі уақытта жабылып қалу қаупін кешуде.

12. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі алдағы уақытта Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің түзеу мекемелерінде ұстауда жүрген кәмелетке толмағандардың мүліктік және әлеуметтік құқықтарының бұзылуына жол бермеу жөніндегі шараларды қабылдасын.

Ұсыныс орындалмады.

12 ұсыныстың ішінен 2 ұсыныс ішнара орындалған. Бұл бас бостандығынан айыру орындарындағы сотталғандар құқықтарының сақталуына қатысты жағдайдың түпкілікті түрде өзгергендігі туралы айту үшін жеткіліксіз. Жалпы жағдай бұрынғысынша қалды, ал бұл Ұлттық жоспардың осы бөлімінің іске асырылуының нәтижесіздігін білдіреді.

Жалпы баға

Бұл шолу Ұлттық жоспардың әрекет етуінің алғашқы екі жылының ішінде ұсыныстардың іске асырылуының өте төмен деңгейін көрсетіп отыр.

Ұлттық жоспар ұсыныстарының іске асырылу дәрежесін 0%-ден 100% дейінгі шкала түрінде қарастыра болсақ, мұндағы 0 - «орындалмады», 50% – «ішнара орындалды», ал 100% – «орындалды» деген бағалауға сәйкес келеді, әрбір бөлімнің, сондай-ақ жалпы Ұлттық жоспардың іске асырылу пайызын шамамен есептеп көрсетуге болады. Мұның сапалық көрсеткіштерді ескермейтін, таза сандық айқындағыш болатыны түсінікті.

	орындалды	ішнара орындалды	орындалмады	Жиыны ұпайлар	Іске асырылу %
«Өмір сүру құқығы» бөлімі	1	–	1	1	50%
«Еркін жүріп-тұру құқығы» бөлімі	1	1	6	1,5	19%
«Бірлесу құқығы» бөлімі	–	–	8	–	0%
«Ар-ождан және дін бостандығы құқығы» бөлімі	2	–	5	2	28%
«Бейбіт жиналыстар бостандығы құқығы» бөлімі	2	–	7	2	22%
«Сөз бостандығы құқығы» бөлімі	–	1	5	0,5	8%
«Мемлекет істерін басқаруға қатысу құқығы» бөлімі	–	–	5	–	0%
«Алдын ала тергеу және анықтау кезеңіндегі адам құқықтары» бөлімі	–	–	6	–	0%
«Азаптаулардан және қатыгез іс-әрекеттерден еркін болу құқығы» бөлімі	4	1	3	4,5	56%
«Әділ сот ісін жүргізу құқығы» бөлімі	–	4	13	2	12%
«Сотталғандар құқықтары» бөлімі	–	2	8	1	10%
Ұлттық жоспардың барлық 11 бөлімі бойынша	10	9	67	14,5	17%

Осылайша, Ұлттық жоспарды іске асырудың алғашқы екі жылының ішінде сандық көріністе ұсыныстардың небары 17% ғана орындалған. Бұл аталмыш жоспардың орындалуы үшін жауапты

министрліктер, ведомстволар мен ұйымдардың қанаттанарлықсыз жұмысын көрсететін өте төмен көрсеткіш.

Бұл ұсыныстардың орындалуын талдау сапалық жағынан (ал бұл адам құқықтары саласындағы халықаралық стандарттардың ілгерілеуі жағынан қарағанда орындалған іс-шаралардың нәтижелілігінің көрсеткіші) жоспардың орындалу деңгейінің бұдан да төмен екендігін көрсетіп отыр. Заңнаманы өзгерту құқық қолданушылық тәжірибеде өз көрінісін таппады. Көбінесе, жағдайдың өзгеруіне ықпал етпейтін, мәселенің шешілуіне әкелмейтін ұсыныстар іске асырылды. Негізінен, жоспардың тармақтарын орындау іс жүзінде күнсыз, ресми формальді сипатқа ие болды.

Мұның бәрі 2009-2012 жж. арналған адам құқықтары саласындағы Ұлттық іс-қимыл жоспарының жұмысының алғашқы екі жылының ішіндегі оның ұсыныстарының орындалуына қанағаттанарлықсыз баға беруге мәжбүрлейді.

Шолу Адам құқықтары мен заңдылықты сақтау жөніндегі Қазақстан Халықаралық бюросымен (АҚЗСЖҚХБ) дайындалған

Еуропалық Одақ қаржыландыратын «Адам құқығы саласындағы Ұлттық жоспар іс-әрекеттерінің орындалуына жүргізілген мониторинг» жобасын Адам құқықтары мен заңдылықты сақтау жөніндегі Қазақстандық Халықаралық Бюро (АҚМЗСЖҚХБ), Құқықтық саясатты зерттеу институты (LPRC) және MediaNet халықаралық журналистика орталығы жүзеге асырып отыр.

Екі жылдық жобаның жалпы бюджеті 300 000 евроны құрайды. Еуроодақтың бөліп отырған қаржысы 240 000 евроға тең.

Жоба нәтижесі бойынша 13 сараптамалық қорытынды құжат дайындалады, осы кездесуді қосқанда 8 дөңгелек үстел өткізіліп, 2011 жылдың 12 желтоқсанда және 2012 жылдың 22 мамырында мемлекеттік органдар, ҮЕҰ-дар, халықаралық қауымдастық өкілдерінің қатысуымен сараптамалық басқосу ұйымдастырылады, сонымен қатар Варшавада өтетін адам өлшемі БИАҚБ/ЕҚЫҰ дәстүрлі конференциясында сайд-ивент өтті.

Толық ақпаратты алу үшін MediaNet ХЖО-ның жоба менеджері Василина Ворковаға, +7 727 261 66 69, +7 701 549 98 58, vassilina.vorkova@gmail.com немесе ҚР ЕО Өкілдігінің қоғаммен байланыс бойынша жауапты тұлғасы Қарлығаш Жаманқұловаға +7 (7172) 97-11-48, karlygash.jamankulova@eeas.europa.eu хабарласуға болады.

Жобаны АҚМЗСЖҚХБ, LPRC және MediaNet ХЖО жүзеге асыруда
www.bureau.kz
www.lprc.kz
www.medianet.kz
АҚМЗСЖҚХБ
Мекен-жайы: Алматы қ., 8
Ықшамаудан, 4-а үй, 423 және
428 кеңсе
Тел: +7 727 225 42 71

Жобаны Еуропалық Одақ қаржылай қолдауда
Қазақстан
Республикасындағы
Еуропалық Одақтың Өкілдігі
Мекен-жайы: 010000 Астана,
Космонавт к-сі 62, Чубары
Ықшамауданы
Тел. +7 7172 911040,
<http://eeas.europa.eu>

«Еуропалық Одаққа өздерінің алдыңғы қатарлы жетістіктерін, ресурстарын және ел тағдырын біріктірген 27 мүше-мемлекет кіреді. 50 ішінде ортақ бірліктің арқасында олар тұрақтылық, демократия және тұрақты даму аймағын қалыптастырды, әрі мәдени алуандықты, жеке еркіндікті және төзімділікті атмосферасын сақтап қала алды. Еуропалық Одақ өз аумағынан тыс жатқан мемлекеттер мен халықтарға өз жетістіктері мен құндылықтарын беруге әрдайым ұмтылады.